

**“Жас зерттеуші” вариативті компоненті
МАД тобына арналған перспективалық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсат- міндеті	Мерзімі	Әдіс тәсілдері
1.	Сиқырлы магнит елінде	Балаларды магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыру, заттарды бақылауды үйрету/	Қыркүйек	Жұмбақтар жасыру, ой қозғау, зерттеушілік әрекет.
2.	Жабайы аңдар	Аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.	Қазан	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жұмбақтар жасыру, ой қозғау.
3.	Алтын күз	Күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	Қараша	Көркем сөз, жапырақтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, көрсету, қайталау, "ассоциация" әдісі.
4.	«Менің Отаным-Қазақстан. Еліміздің рәміздері»	Отанға деген сүйіспеншілікке, Отанын сүйуге тәрбиелеу.	Желтоқсан	Интерактивті тақта, пысықтау, ойын.
5.	Желдің күші	Жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету; баланың ойда сақтау қабілетін, тіл байлығын, белсенділігін, шеберлігін дамыту; балаларды табиғатты қорғауға және жаңашылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.	Қаңтар	Ғажайып сәт, зерттеу, өздік іс-әрекет,
6.	Жыл құстары	Құстар туралы тақпақтар мен жұмбақ шешу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке,	Ақпан	Көрсету, түсіндіру, рефлексия.

		қамқорлық қатынасқа, табиғатты сақтауға жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.		
7.	Бау-бақшамыз — сәніміз!	Жеміс–жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту; қойылған сұраққа толық жауап беруге төселдіріп, сөйлеу мәдениетін дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Наурыз	Жеміс–жидектер мен көкөністерді зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау.
8.	Саңырауқұлақтар құпиясы	Күзгі табиғат ерекшеліктерін еске алу; балалардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру.	Сәуір	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, қорытындылау.
9.	Бөлме өсімдіктері	Балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету.	Мамыр	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.
10.	Елімнің байлығы — тұз	Өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Мамыр	Тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, үлгі ету, ойын.